



Бекітемін: Бекү-
«Шұғыла» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі Қ.С. Бектұрғанова
«16» сәуірі 2022жыл

Келісемін: Жай
«Шұғыла» бөбекжай-бақшасының
әдіскері Ж.К. Тоқсанбаева
«16» сәуірі 2022жыл

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ және
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫ негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған
«Балапан» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТ КЕСТЕСІ

(2022-2023 оқу жылына арналған)

«Балапан» кіші топ

Ұйымдастырылған іс әрекеттер	жүктемесі
Дене шынықтыру	Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма Күн сайын
Сөйлеуді дамыту	Күн сайын
Көркем әдебиет	Күн сайын
Құрастыру	Күн сайын
Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын
Сурет салу	Күн сайын
Мүсіндеу	Күн сайын
Жапсыру	Күн сайын
Музыка	Сейсенбі Күн сайын

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы балабақша: «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылуы кезеңі: (айды,жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Денешынықтыру	Жүру. Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, колдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің колдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.
	Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4сөз)дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, Сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.
	Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету
	Сенсорика	Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден таныу. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін таныу, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы кәретініне сенім қалыптастыру.
	Құрастыру	Жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірденекі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау;
	Суретсалу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
	Жансыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Денешынықтыру	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығымен күшіне ескеріп, дыбыстардың, сөздермен сәттіркестерінің анық айтылуына назараудара отырып, дауыс аппаратында дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлер ментәқпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау
	Сенсорика	түрлі сенсорлық әсерлермен байыту
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Екі қолмен біруақытта заттармен әрекеттету, баланың бақылауымен түсінуіне қолжетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін кәрінекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру
	Сурет салу	сурет салу техникасын жетілдіру
	Мүсіндеу	саз балшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
	Жапсыру	фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Денешынықтыру	Жүгіру. Біркалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгөніспен және үй жануарларымен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасын заттарының білдіретін зат есімдермен дамыту
	Көркем әдебиет	арманың мазмұнын түсіну және эмоциялық абылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді
	Сенсорика	көлемі, пішіні, түсі бойынша әрекет ететін бір келіс заттарды топтастыруды;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерін таныстыру.
	Құрастыру	кұрылыс масштабына сәйкес сюжетті ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнатау және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру;
	Сурет салу	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
	Мүсіндеу	техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан күрделі пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	фланелеграфтің кеңінен қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқаны орналастыру.	

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Денешынықтыру	Еңбектеу, әрмелеу. Шектеулі жазықтың, қалбеу тәрізін бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арканның астынан нысанаға дейін тәрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50x 50 сантиметр модульге әрмелеу.
	Сөйлеуді дамыту	еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кино-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (қушақтау, көмектесу), кәңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен таныстыру
	Көркем-әдебиет	еректеу рәлі қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқатақпақтарды жаттауд
	Сенсорика	түрлі кәлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі кәлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарына аудару. Ересектерге көмектесуіне ітін қолдау.
	Құрастыру	балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру
	Сурет салу	дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу
	Мүсіндеу	шыны аяқ, табақты илеп жасаудасаз кесегін саусақпен басып, тереңдетсе луга күйрету
Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсырумен сурет салуды іріктіруді қалыптастыру	

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Денешынықтыру	Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтықта доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.
	Сөйлеу дамыту	заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сыныптық суреттермен байыту. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бәлеп, бесік жырына ийтіп отырып ойнау арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтаралдындатып оқытуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы мерекелердің жақсы көретінін сездіру.
	Көркем әдебиет	Танысшығармалардың қарапайым мазмұндарына ойнап көрсетуді
	Сенсорика	Түстерді ажырата алу қабілеттерін дамыту
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалармен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге ойнауға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «қаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақында адамдарының жағдайын эмоционалдық қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.
	Құрастыру	қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру (кию және жыртыу), қиылған кесектерде және жыртылған қағаздарда "бейнені" көру;
	Сурет салу	қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (үш саусақпен)
	Мүсіндеу	заттардың қасиеттерін табаалудағы дысын қалыптастыру
	Жапсыру	дайын сұлба элементтерін салып аяқтай алу дағы дысын қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Денешынықтыру	Секіру. Бірорындатұрып қосаяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қосаяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды зат есімнің көпшесін түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпшесімен сәйкестендіру.
	Көркем әдебиет	3-5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпараттармен бөліседі;
	Сенсорика	берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, кәлемі, әлшемі бойынша әртекті байланыс орната білу;
	Қоршаған орта мен таныстыру	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктер мен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша кәлгіністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
	Құрастыру	тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнаудағыларын қалыптастыру
	Сурет салу	парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстерді ақтарды үйлестіріп бейнелей білу;
	Мүсіндеу	кесектерді біріктіруге үйрету
	Жансыру	кеңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Денешынықтыру	<p>Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа кәтеру; қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан калыпта аяқтарын кәтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және түру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Неістейді?) және ең ұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, әз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	қысқа өлеңдердің анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету
	Сенсорика	заттардың санына жырату (біреу — кәп);
	Қоршаған орта мен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың тәлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды жырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктеріне жырата білу. Әсімдіктермен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	кәлік құралдарының, автомобиль бәліктерінің атауларына айтуға үйрету
	Сурет салу	қағазға, құмға саусақпен сурет салу
	Мүсіндеу	қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу: білезік, жүзік, қолсағаттар
	Жансыру	Дайын пішіндерді дұрыс орналастыруды үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Денешынықтыру	Ішкі және аяқтың бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы калыптатурып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың әкшесіналға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).
	Сөйлеуді дамыту	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің әтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру
	Көркем әдебиет	халық ауыз әдебиетінің ығармашылығына баулу;
	Сенсорика	өртүрлік кәлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка-кішентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б.) және оларды сәйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, кәгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Әлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекеттету түрлері (сүкқо, құмтасу, тәгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
	Құрастыру	қарапайым пазлдарды жинауға қабілеттерін қалыптастыру
	Сурет салу	балаларды ересектермен бірге әрекеттетеуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;
	Мүсіндеу	саз балшықтың кесегіне алақанарасына салып иелей алу дағдысын қалыптастыру
Жапсыру	Саусақтың сақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру	

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Денешынықтыру	Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықпал етуге баулу.
	Сөйлеуді дамыту	кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, кәлемі бойынша шағын блендермен тақпақтар жаттауды бекіту. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпшігін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескерте отырып, сәз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.
	Сенсорика	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады
	Қоршаған ортамен таныстыру	Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктермен жануарларға сүйіспеншілікті таныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кәлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып, құрастыру
	Сурет салу	түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің әртүрлі түсімен сурет салудағыларын қалыптастыру
	Мүсіндеу Жапсыру	мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру фланелеграфтың кенепін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру Қағазға «қошқар мүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету.